



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 13 БАСПАСӨЗ Р Е Л И З І
2007 жылғы 30 наурыз**

Ресми қайта қаржыландыру ставкасы туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы 2007 жылғы 1 сәуірден бастап Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми қайта қаржыландыру ставкасын **жылдық 9,0%** деңгейінде белгілеуге қаулы шығарды.

2006 жылғы маусымнан бастап инфляциялық үдерістердің баяулауы байқалды. Егер 2006 жылғы мамырда ол 9,0% болса, 2006 жылдың қорытындылары бойынша инфляция 8,4%-ға, ал ақпанның аяғында – 7,9%-ға жетті.

Бұл үрдіс қабылданған шаралардың ішінде екінші деңгейдегі банктердің артық өтімділігін алуға және Ұлттық Банктің операциялары бойынша ставкалардың көтерілуіне бағытталған ақша-кредит саясатын қатайтуына байланысты болды.

Инфляциялық үдерістердің байқалып отырған баяулау үрдісіне қарамастан Ұлттық Банк ақша-кредит саясатының шараларын жұмсартуды тиімсіз деп санайды, себебі жылдық инфляцияны төмендету үрдісі тұрақсыз болуы мүмкін.

Осыған байланысты ресми қайта қаржыландыру ставкасы өзгеріссіз қалдырылды.